

Қ.А. Енсенов¹

¹ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты
Нұр-Сұлтан қ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ ОРТАЛЫҚТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ (1989-2019 жж.)

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстан Республикасында тәуелсіздік жылдарында этносаралық келісім, этномәдени орталықтардың құрылуы және қызметі қарастырылған. Сондай-ақ, Қазақстан халқы Ассамблеясының Президент жанындағы консультативті-кеңесші орган ретінде құрылуы, облыстарда Кіші Ассамблеялардың қалыптасуы және республика бойынша этномәдени орталықтардың құрылуы мен атқарған жұмыстары туралы нақты мәліметтер келтірілген.

Қазақстандағы этномәдени орталықтардың 1989-2019 жылдар аралығындағы қызметі туралы деректер облыстық және республикалық архивтерде сақталған. Сондықтан, архив деректері мен ғылыми әдебиеттер пайдаланылып, қоғамдық келісімнің дамуы мен тұрақтылықтың қалыптасуына қызметі зерделенген.

Түйінді сөздер: Қазақстан, Республика, Тәуелсіздік, Ассамблея, Толеранттылық, Келісім, Этномәдени орталықтар, Халық, Ұлт, Диаспора.

Yensenov Kanat Alexeiuly¹

¹*Candidate in historical sciences, Department of Source Studies, Historiography and National History, Institute of History of the State Committee of Science MES of the Republic of Kazakhstan, post code.: 010000. 8 Mangilik El Str., Astana, Republic of Kazakhstan. Phone: +7707-834-96-85, Email: kanat-02-79@mail.ru*

ACTIVITY OF ETHNOCULTURAL CENTERS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN (1989-2019)

Abstract

In addition to the status of the intermigration of interregional mediation, ethnic and cultural centers functioning in the Republic of Kazakhstan. In addition, the information provided by the Assembly of the People of Kazakhstan in its advisory body on the President, the Formation of the Malay Assembly in the regions and the functions of the ethnic language system is stored in the Assembly.

Information on the ethnocultural centers of Kazakhstan in 1989-2019 years was published in the regional and republican archives. By the way, the archives of the book and the educational literature were used, and a greater role in the production of social harmony and the stability of the text.

Key words: Kazakhstan, Republic, Indissolubility, Assembly, Tolerance, Harmony, Ethnocultural centers, Narod, Nation, Diaspora.

Енсенов К.А.¹

¹Кандидат исторических наук, Ведущий научный сотрудник
Института истории государства КН МОН РК,
г. Нур-Султан

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЭТНОКУЛЬТУРНЫХ ЦЕНТРОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН (1989-2019 гг.)

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы межэтнического согласия, создания и функционирования этнокультурных центров за годы независимости в Республике Казахстан. В нем также содержится подробная информация о создании Ассамблеи народа Казахстана в качестве консультативно-совещательного органа при Президенте, формировании Малой Ассамблеи в областях и создании и функционировании этнических культурных центров в стране.

Данные о деятельности этнокультурных центров Казахстана за 1989-2019 годы хранятся в областном и республиканском архивах. Поэтому были использованы архивные источники и научная литература, и их роль в продвижении социальной гармонии и стабильности была изучена.

Ключевые слова: Казахстан, Республика, Независимость, Ассамблея, Толерантность, Гармония, Этнокультурные центры, Народ, Нация, Диаспора.

Бұрынғы кеңестік республикалардың бірде-бірі дәл Қазақстан секілді қарқынды көші-қонның шамадан тыс ауыртпалығына ұшыраған емес. Өмірдің қиын-қыстау кезеңдерінде, бірлесіп еңбек етуде, күнделікті тіршілік пен мейрамдарда Қазақстан халықтарының полиэтникалық ортақтығы қалана келіп, бүгінгі келбетін қалыптастырды. Біздің жеріміздегі бейбітшілік пен келісім – осында тұратын адамдардың шынайы келісімі мен тұрақтылығының нәтижесі.

Еліміздегі халықтардың татулығы жайында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 1994 жылы «Тарихи зерде кешіндегі сөз» тақырыбындағы баяндамасында: «...Жас мемлекетіміздің қуаттылығы, оның танылуы мемлекеттің өзіндік дербес жүргізіп жатқан ұлт саясаты мен халқының бірлігіне, ұйымшылдығына, ынтымақшылдығына және отаншылдығына байланысты болмақ. Шынайы тәуелсіздікке жетуіміз барлығымызға бұрынғыдан да гөрі салмақтырақ жауапкершілік артты. Олардың ішінде әсіресе ұлтаралық жарасымдылықты республикамыздағы көршілес, жері іргелес елдермен өзара достық, өзара тиімді экономикалық мәдени, рухани байланысты нығайту үшін де аса маңызды алғышарт болып табылады» [1], - деді.

Одан кейін 1995 жылы 16 ақпанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев ұлттық мәдени орталықтардың жетекшілерімен кездесті. Пікір алмасу болды, оның негізгі нәтижесі этносаралық және конфессияаралық келісімнің негізінде қоғамдық келісімнің мемлекеттік доктринасын қалыптастыру болды. Ассамблеяның тарихи бірінші сессиясынан кейін, мемлекеттік құрылыс тәжірибесіне және ерекше, қазақстандық түрдегі қоғамдық ойлар жүйесіне этносаралық қатынастарды реттудің өте бірегей механизімі кірді. 1995 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы Қазақстан Президенті жанындағы консультативті-кеңесші орган ретінде құрылды. Одан кейін облыстарда Кіші Ассамблеялар құрыла бастады. Олардың құрамында этномәдени орталықтар қалыптаса түсті [2]. Бұл қоғамдық келісім мен татулықты нығайтудың нақты қадамдары болды.

Еліміздегі этномәдени орталықтар негізінен 1989 жылдан бастап құрыла бастады. Олардың қызметі және қалыптасуына назар аударсақ, әр жылдарда құрыла бастаған этномәдени орталықтардың бар екендігін байқаймыз.

Мысалы, Оңтүстік Қазақстан өңірлік мемлекеттік мұрағатында түрлі этнос өкілдерінің этномәдени орталықтарының қызметіне қатысты деректер сақталған. Мәселен, 1 мың мүшесі бар «Часон» кәріс мәдени орталығы 1989 жылы шілде айында құрылды. Аталған мерзімде облыста 15 мың кәріс ұлты мекендеген. Сол кездегі Шымкент облыстық партия комитетінің басшысы С.А. Терещенконың шешімімен кәріс қоғамдастығына 35 гектар жер учаскесі бөлініп, олар ұлттық орталығына қажетті ауыл шаруашылық өнімдерін өсіріп, мәдени іс-шаралар өткізіп облыс жұртшылығына кәріс ұлтының салт-дәстүрін кеңінен көрсете бастады. Облыс басшылығы 1991 жылы 27 қаңтар-ақпан аралығында Оңтүстік Кореяға арнайы шақырумен Оңтүстік Қазақстан облысының кәріс жастарынан құралған делегация жіберді. Қоғамдастық ата-аналарға, ата-әжелерге ұмыт болған кәріс тілін балалары мен немерелеріне үйретуге бағыттап үндеу тастады.

Шымкент қаласында 945 кәріс ұлты оқушыларының тізімі анықталып, оларды мектептерде 6 топқа біріктіріп, ұлттық тілін үйрету жұмысы қолға алынды [3].

Оңтүстік Қазақстан облысындағы 1991 жылы ақпанда құрылған «Қайта өрлеу» («Возрождение») атты неміс ұлттық-мәдени орталығы басқа ұлттық-мәдени орталықтарға қарағанда ұйымдастыруы және атқарған қоғамдық іс-шаралары жағынан жоғары деңгейде болды. Бұл орталық әділет басқармасында заңды тұлға ретінде тіркеліп банкте өзінің есеп шотын ашып, мөрі мен тіркеліп, мөрі мен штампы, арнайы бланкі, эмблемасы, символикасы және жарғысын шығарды. Қоғамдық ұйым болғанымен өндірістік-шаруашылық және қаржы саласымен айналысуға құқылы. Сонымен қатар оңтүстік өңірдегі қоғамдық-саяси, мәдени-ағарту жұмыстарына қатысуға құқылы болды.

Ұйымның жалпы жиналыстарында кеңестік кезеңдегі Шымкент облыстық атқару кеңесінің неміс ұлты өкілдерінің Германияға қайтуына кедергі келтіретін шешімдерін де айыптап, өз позициясын батыл қорғай білді. Неміс орталығы тек Германиямен ғана емес, неміс ұлты өкілдері мекендейтін ТМД республикаларымен де мәдени байланысты болуды мақсат етті. «Орталық» 1990 жылдардың басында неміс ұлтының Германияға қоныс аударуларына көмек жасады. Қазақстандағы Германия елшілігімен тығыз жұмыс жасай отырып, елшілік арқылы Германиядан экономикалық, техникалық, гуманитарлық көмектер алып тұрды [4].

Оңтүстік Қазақстан облысында 1994 жылғы мамыр айындағы дерек бойынша 35 мың татар, 2 мың башқұрт ұлты өкілдері мекендеді. Қоғамдастық татар ұлтынан шыққан белгілі этнограф, түркітанушы, лингвист ғалым Әбубәкір Диваевтың 110 жылдығын атап өту, «Татар жыры» эн-жыр фестивалін өткізуге дайындық жұмыстарын қолға алды. Татар тілінде «Чима» газетін шығару қолға алып, алғашқы нөмірлері жарық көрді. Орталық бастамасымен Шымкенттегі №3,33,38 мектептерде 1993-1994 жылдары татар тілі факультатив сабақтары ретінде жүргізілді. Әр топтағы оқушылар саны 12-13-ке жетті. «Умырзая» ансамбіліне 30 оқушы қатысып, татар-башқұрт эн-күйлерін үйренді [5].

Архив деректері облыс басшылығының «Славян орталығымен» тығыз байланыс жасағандығын көрсетеді. Ұйымның бастамасымен «Славян жазуы мен мәдениеті» күндері және орыстың ұлы ақыны А.С. Пушкиннің туғанына 200 жылдығына арналған әдеби іс-шаралар өткізді. Өңірлерге славяндардың «Рождество», «Масленица» мейрамдары ұйымдастырылды.

Оңтүстік Қазақстан облысындағы ұйғыр мәдени орталығы 1995 жылы бірқатар жұмыстар атқарды. Ұйғыр диаспорасы өздерінің әліпбиін, салт-дәстүрін, мәдениетін үйрену жұмыстарын жалғастырды. Өңірде ұйымдастырылған мемлекеттік, халықтық мейрамдарды мерекелеуге белсене қатысты. 1995 жылы еліміздің жаңа Конституция жобасын талқылауға және оны қабылдауға дауыс беруге, Республика Президентінің өкілеттік мерзімін ұзартуға арналған референдумға қатысуға үн қосып, ұйғыр этносы өкілдерін мемлекет басшысының саясатын қолдауға шақырып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Облыстық әкімдік те ұйғыр мәдени орталығының жұмысына қажетті 900 мың теңге көмегін берді [6].

Шымкент қаласында «Славян орталығының» бастамасымен 1999 жылы Санкт-Петербург қаласындағы жоғары оқу орындарына студенттер қабылдайтын емтихандар ұйымдастырылды. Ұйым мүшелері Омбының жоғары оқу орындарымен байланыс жасап оқуға балалар жіберді. 1995 жылы ұйым мүшелері облыс өңірлерін аралап қоғамдық-саяси тақырыптарға 50 лекция оқыды [7].

Қазақстан халқының рухани жағынан жаңғыруына үлес қосып келе жатқан республикамызда бірқатар этномәдеи орталықтар бар. Солардың алғашқыларына байланысты 1995 жылғы деректерге қарағанда Алматы қаласында орналасты. Оларға байланысты мұрағат деректеріне назар аударсақ және ұлттық-мәдени орталықтарды атай кетсек төмендегідей: «Қазақ тілі» республикалық қоғамдастығы; Қазақстан Республикасындағы «Орыс» қоғамдастығы; «Орыс одағы»; «Татар» республикалық мәдени-орталығы; «Татар-башқұрт» мәдени орталығының ассоциациясы; «Ұйғыр мәдени-қоғамдастығы»; Республикааралық «Ұйғыр» ассоциациясы; Қазақстан «Немістер» кеңесі; Неміс қоғамдастығы «Возрождение»; Қалалық «Неміс мәдени орталығы»; Қазақстан азербайжандарының мәдени-орталығы «Тұран»; «Чуваш мәдени орталығы»; «Корей республикалық ассоциациясы»; Республикалық «Шешен-ингуш мәдени орталығы»; «Беларусь орталығы»; «Қырғыз мәдени орталығы»; «Өзбек мәдени орталығы»; Қалалық «Армян мәдени орталығы»; «Грек мәдени орталығы»; Республикалық «Поляк мәдени орталығы»; «Еврей мәдени орталығы»; «Дүнген мәдени орталығы» тіркелген [8]. Бұл аталған әртүрлі ұлттардың мәдени орталықтары оқу-ағарту, тіл үйретудің жексенбілік мектептерін ұйымдастыру және салт-дәстүрді насихаттау ісімен айналысады. Яғни, этномәдени орталықтар

қызметтері де Қазақстан Республикасының халқы арасында этносаралық келісім мен татулықты насихаттауға жұмыс жасап келе жатыр.

Этномәдени мүдделердің негізгі құқықтық кепілі ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясы танылады. Қазіргі мемлекетімізде азаматтарды этникалық белгісіне қарай құқығын шектеуге бағытталған ережелері бар заңның қабылданбауының құқықтық іргетасы болып табылады. Елімізде ешкімге де жынысына, ұлтына, нәсіліне, тіліне, діни-наным сеніміне, көзқарасына, тұрғылықты жеріне немесе тағы да басқа белгілеріне қатысты кемсітушілік көрсетілмейді. Бұл Қазақстан Республикасы Конституциясының 14 бабының 2 бөлімінде нақты көрсетілген. Ал Негізгі заңның 74 бабында: «Конституцияда бекітілген адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына шек қоятын заңдар мен нормативтік актілер қолданысқа кіргізілмейді және жойылады» [9], - деп көрсетілген.

Ассамблеяның тікелей араласуымен қазіргі кезде Қазақстанда 621-ге жуық этномәдени бірлестік қызмет жасайды. Сонымен қатар республикада 11 тілде газет-журнал шығарылып, 8 тілде радиохабарлар таратылады және 7 тілде телехабарлар көрсетіледі. Әрине, мұның барлығы мемлекеттік саясатымыздың ұлтаралық және дінаралық келісім мен саяси тұрақтылықты сақтап, нығайтудағы бағытының дұрыстығын дәлелдейді.

Еліміздің ең басты байлығы тәуелсіздік пен бейбітшілік екенін ескерсек, келешек ұрпаққа аманат етуді мақсат тұтуда да этномәдени орталықтардың атқаратын қызметі маңызды. Татулықтың тірегіне негіз болып отырған сарабал саясат шеңберіндегі атқарылып жатқан тындырымды жұмыстар да өз жалғасын табуда. Этномәдени бірлестіктердің қызметі арқылы қоғамдық-саяси ахуалға, этносаралық келісім мен бейбітшіліктің нығаюына оң ықпал ететін факторларға оң бағыт беру керек.

Соның бір дәлелі ретінде ұлттық татулыққа, бірлікке шақыратын мерекелерде түрлі ұлт өкілдерінің жылы лебіздері, ыстық ықыластары қазақстандықтардың ынтымақта, бірлікте бір шаңырақ астында жемісті еңбек ететіндігін, ұлттық бірлікті насихаттауға баса назар аударатындықтарын анық аңғарғандаймыз.

Халықтың экономикалық тұрғыдағы теңдігі, саяси, мәдени дамуы өзара достықты, түрлі ұлт өкілдерінің бір-біріне деген құрметін көрсетеді. Жаңа ғасырға қадам басқан еліміз үшін ең қымбат қазына – ұлтаралық татулықты, конфессияаралық келісімді, өзара түсіністік пен құрмет сезімін және жарастықты қастерлей отырып төрімізге енгені белгілі. Мемлекеттің стратегиялық мақсаттары мен әлеуметтік жобаларын жүзеге асыруда ел бірлігін жарастыра білудің маңызы арта түсті.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың ауызбіршілік, тұрақтылық пен ұлтаралық қарым-қатынастың нәтижесінде бейбіт қоғамның шынайы бейнесі қалыптасты. Тәуелсіздіктің арқасында Отанымыз достығы нығайып, бірлігі бекемделіп, тұтастай ынтымақтастық ортасына айналып отыр. Қазіргі күні де осы көпұлттылық пен татулықты сақтау бүгінгі күннің өзекті міндеті деп сезіну қажет. Бұл жөнінде Елбасымыз «Біз өзіміздің жатсынбас тұрпатымызбен, этносаралық, конфессияаралық татулығымызбен және өзара үндесуімізбен күллі әлемге таныламыз» [10], - деп ерекше атағанын айтуға болады.

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттілігі мен саяси тұрақтылығының басты тұғыры – этносаралық бейбітшілік пен келісім болып табылады. Ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылықты – ел бірлігінің негізі екенін ескерсек, татулықты сақтау бағытындағы жұмыстар - алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

Этносты әлеуметтік топ ретінде тану ұлтшылдықтың нақты көрініс беретін саласы мәдениет екендігі белгілі. Осыған байланысты адамдардың этникалық идентификация үдерісі немесе белгілі бір ұлтқа тәуелділігін анықтау барысында өзінің халқының мәдениетін танып, оның құрамдас бөлігі екендігін сезінуі тосын жағдай емес. Сондықтан да, әлемдік тарихтағы белгілі бір ұлттың өзіндік мәдениетін дамыту құқығына тиым салу әрекетінің арты ұлтаралық қақтығыстар мен азамат соғыстарына алып келуі таңқаларлық жағдай болмауы да заңды құбылыс.

Міне, дәл осындай қиын тарихи жағдайда біздің мемлекетіміз қоғамдық-саяси жүйенің негізгі принциптерінің бірі – этномәдени мүдделердің қорғалуы мен жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін мемлекеттіліктің құрылымын жасауға бел буды. Қоғамның барлық салаларының өзгеруі мен жанаруына әсер еткен өтпелі кезеңнің қиындықтарына қарамастан, Қазақстан мемлекеті этникалық мәдени плюрализм мен ауызбіршілікті дамытуға негізделген саясаттың бағытынан ауытқыған жоқ [11], - деп көрсетілген.

Қазіргі таңда елімізде 140-тан астам ұлт өкілерді өмір сүруде. Солардың басын біріктіріп отырған тәуелсіз елдің ертеңі шынтуайтына келгенде осы ұлтаралық қарым-қатынастарға тікелей байланысты. Бұл орайда Қазақстан халқы Ассамблеясының алар орны ерекше.

Қазіргі кезде елімізде 100-ден астам этностық мектептер, 170 жексенбілік тіл үйрететін орталықтар және ұлттық құндылықтарды жандандыруға бағытталған 29 бөлімше 11 тілді оқытумен айналысады. Сондай-ақ, 471 ұлттық-мәдени орталық жұмыс істесе, олар 20-ға тарта республикалық және аймақтық ұлттық басылымдарын шығарады және теле-радио хабарлар таратады. Елімізде тұратын өзге ұлт өкілдерінің 6 ұлттық театрлары бар. Осылардың барлығы бюджеттен қаржыландырады. Мұндай қолдау, қамқорлық әлемінің ешбір елінде бұрын-соңды болған емес [12].

Республиканың белгілі бір ұлт өкілдері тығыз орналасқан аудандарында тәжік, өзбек, ұйғыр, украин тілдеріндегі мектептер ашылған. Мемлекетіміздің 126 орта мектептерінде Қазақстан халықтарының 15 тілі оқытылады. Аталған тілдер қатарына; эзирбайжан, армян, белорусь, грек, дүнген, иврит, кәріс, күрд, поляк, татар, түрік, ұйғыр, украин, шешен тілдері жатады. Ал 76 жалпы білім беру мектептерінде үйірме мен қосымша дәрістерде қазақстандық азаматтардың өз ана тілдері оқытылады. Бұлардан басқа республика аумағында 196 жексенбілік мектеп пен Өскемен, Петропавл және Павлодар қалаларында 30 астам тілі оқытылатын үш ұлттық жаңару мектептері жұмыс істейді. Қазақстанда 19 республикалық және аймақтық деңгейдегі ұлттық газеттер мен радио-теле бағдарламалар таратылып, 6 ұлттық театр жұмыс жасауда.

Республикада қазақ, орыс театрларынан басқа өзбек, ұйғыр, кәріс және неміс театры жұмыс жасайды. 1999 жылғы халық санағы бойынша 130 астам этнос өкілдері мен 45 діни конфессия бар екендігі анықталған [13].

Қорытындылай келгенде, кейінгі мәліметтерге назар аударсақ, Қазақстан Республикасында 1673 мектепте сабақ орыс тілінде жүргізіледі. Өзбек, тәжік және ұйғыр тілдерінде оқитын 81 мектеп бар. 108 мектепте Қазақстанның 22 этностың тілдері өзіндік пән ретінде оқытылады. 195 мамандандырылған этнолингвистикалық орталық ашылған, онда балар мен ересектер 30 этнос тілдерін үйрене алады [14]. Жалпы, елімізде этносаралық келісім мен татулықты сақтау үшін этномәдени орталықтардың жұмысын жақсарту керек. Өртүрлі ұлттың өкілдері өзінің салт-дәстүрі, тілін білуі қажет. Осындай жатқарылатын жұмыстардың барлығы ұлттық рухани жаңғыруға өзіндік оң ықпалын тигізери анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақстан Республикасы Президент архиві (ҚР ПА). 5-н-қ., 1-т., 3378-іс. 21-п.*
2. *Тоғжанов Е.Л., Кан Г.В. Қазақстан халқы Ассамблеясы: тарихи очерк. – Алматы: Паритет, 2010. – 94-б.*
3. *Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының архиві (ТОҚСТА). 184-қ., 1-т., 13-іс, 2,9-пп.*
4. *ТОҚСТА. 184-қ., 8-т., 40-іс, 2-3-пп.*
5. *ТОҚСТА. 184-қ., 8-т., 6-іс, 1-3-пп.*
6. *Дүйсен С.Ж. Оңтүстік Қазақстан облысындағы ұлттық-мәдени орталықтар қызмет архив деректерінде (XX ғасырдың 90 жылдары) // Қазақстан мұрағаттары. 2018. - №3 (№4). - 42-44-бб.*
7. *ТОҚСТА. 184-қ., 9-т., 1-іс, 2-п.*
8. *ҚР ПА. 5-н-қ., 1-т., 5676-іс. 1-4-пп.*
9. *Мамырайымов Т. Этномәдени мүдделерді қорғау мен жүзеге асыруға қатысты мемлекеттің саясаты // Қоғам және дәуір. – 2008. - №4– 19 б.*
10. *«Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 14 желтоқсан, 2012. – 1 б.*
11. *Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының «Елдің қуаты - халықтың бірлігінде» атты XIV сессиясында сөйлеген сөзі. - Астана, 23 қазан, 2009. – 14-б.*
12. *Назарбаев Н.Ә. Әрқашан бірге, әрдайым алда болайық // Егемен Қазақстан, 25 қазан, 2006. - 1-2-бб.*
13. *Мұқажанова А. Қазақстан халқының патриотизмі – ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің негізі // Ақиқат, 2010. – № 2. – 12 б.*
- 14 *«Қазақстан этностары» фотокітап. ҚХА. Алматы: 2016. – 36-б.*

List of references:

- 1.archive of the president of the Republic of Kazakhstan (PA RK). 5-p., 1-T., case 3378. 21-P.
2. Tugzhanov E. L., Kan G. V. Assembly of people of Kazakhstan: a historical essay. - Almaty: rarity, 2010.-p. 94.
- 3.archive of socio-political history of Turkestan region (TOKSTA). 184-P., 1-p., 13-case, 2,9-PP.
- 4.in the tux. P. 184, P. 8, case 40, pp. 2-3.
- 5.in the current. 184-P., P. 8, case 6, pp. 1-3.
6. Dyusen S. zh.in archival data of the activities of national and cultural centers of the South Kazakhstan region (90s of the XX century) // archives of Kazakhstan. 2018. - №3 (№4). - 42-44-PP.
- 7.in the tux. 184-P., T. 9, Case 1, p.2
8. PA RK. 5-N-P., 1-T., case 5676. 1-4-PP.
9. Mamiraimov T. policy of the state in relation to the protection and implementation of ethno-cultural interests // Society and epoch. – 2008. - No. 4– 19 p.
10. Strategy "Kazakhstan-2050" - a new political course of the established state. Address of the president of the Republic of Kazakhstan - Elbasy N. A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan. December 14, 2012. - 1 p.
- 11.speech of the head of State Nursultan Nazarbayev at the XIV session of the assembly of people of Kazakhstan "the power of the country is in the unity of the people". - Astana, October 23, 2009.-p. 14.
12. Nazarbayev N. A. Let's always be together, always ahead // sovereign Kazakhstan, October 25, 2006.-PP 1-2.
13. Mukazhanova A. patriotism of the people of Kazakhstan – the basis of the culture of interethnic communication // truth, 2010.-No. 2. – p.12.
- 14 photo book "ethnic groups of Kazakhstan". APK. Almaty: 2016. – P.36.